

- мен ғылыми түсініктемелерін жазған Б.Әзібаева. – Алматы, 2001.
12. Чистов К.В. Народные традиции и фольклор. – Ленинград, 1986.
 13. Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. – Ленинград, 1988.
 14. Брицына А.Ю. Фиксации повторных исполнений и некоторые аспекты теории традиции //Первый Всероссийский конгресс фольклористов. Сборник докладов. Том II. – Москва, Гос. Республиканский центр русского фольклора, 2006.

* Вариант – француз тілінде – variante, латын тілінде – varians.

** Версия – латынша: versio.

*** ОҒК – Орталық Ғылыми кітапхана.

* * *

В статье в контексте современных научных концепций дано понятие текста, одного из основных объектов фольклористики, также рассмотрены такие важные для нее понятия, как вариант, версия, типы и виды варьирования.

* * *

The article presents the concept of the text as one of the main objects of folklore studies in terms of modern scientific concepts, and such important concepts as a variant, version, the types and kinds of variation.

Т. Бейісқұлов еңбектеріндегі Б. Майлиннің журналистік жолы

Т.С. Сыдықов¹, Ж.С. Арынбекова²

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың ¹ф.ғ.д., профессор, ²магистранты,
Талдықорған, Қазақстан

Аннотация. Т. Ә. Бейісқұловтың публицистикалық шығармашылық еңбегі ел-жұртқа, әдеби ортаға кеңінен танымал. «Білімдар тірілмеді ақиқатты, негізі шын әділет ұстар қатты»/Баласағұни/ демекші өмірін зерттеуге, ақиқатты ашуға арнаған Тоқтар Бейісқұлов өзінің еңбегінің арқасында көптеген жұмбақ заттың басын ашып, өз мақсатына жете білген тұлға. Оның Б.Майлин шығармашылығын зерттеуде ең басты еңбегі арысымыздың публицистикалық қызметіне нұр төккені болып табылады. Тоқтар Бейісқұлов Бейімбет Майлиннің қазақ журналистикасының негізін қалап, баспасөз ұйымдастырушысы болып, оның дамып, өркен жаюына зор еңбек сіңірген, тамаша шығармалар қалдырған шебер жазушы, талантты да тағанды журналист ретінде танытады. Тоқтар Бейісқұлов Б.Майлиннің баспасөз саласында еңбек еткен жылдар анықтап, осы салада атқарған қызметінің жемісі қандай болғандығына дейін саралап берген. Бұнымен зерттеуін тоқтатпай Б.Майлин мақалаларын ой елігінен өткізіп, қазақ публицистикасындағы орнын анықтаған.

Туған жұртымыздың майталман жазушысы болып табылатын Б.Майлин шығармашылығы мен өмірін зерттеуіне Т.Бейісқұлов 1966 жылы жарық көрген «Б.Майлин творчествосы» атты Т.Нұртазиннің еңбегіне қызығушылығы себепкер болғанын кейіннен еске алады. Осы ауқымы кең, әлеуметтік маңызы зор мәселені өз қолына алып, зерттеуге бел буады. Бейімбет Майлин жөніндегі зерттеу жұмысына Тоқтар Бейісқұлов 1970 жылдан ден қоя бастайды.

Тоқтар Бейісқұловтың Темірғали Нұртазинмен кездесуінің нәтижесі Бейімбет Майлиннің журналист-публицист ретіндегі өнегелі ісі, редакциялардағы қажымас қызметі әлі зерттелмей жатқан тың мәселе екендігіне көзіңізді жеткізеді. Енді ол осы ауқымы кең, әлеуметтік маңызы зор мәселені өз қолына алып, зерттеуге бел буады. Демек, Бейімбет Майлин жөніндегі зерттеу жұмысына Тоқтар Бейісқұлов 1970 жылдан ден қоя бастайды.

«Білімдінің сөзін тыңда, айтқанын үйреніске асыр» /М.Қашқари/ демекші, үлкен ғалым

Т.Нұртазиннің сөзі қамшы болып, ол Б.Майлин жайында өзінің ең бірінші мақаласын ғылыми жинаққа ұсынады. Ол мақаласы Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі жанынан шығатын аспиранттар мен ізденушілер жинағына басылып шығады. Мақаланың көлемі 20 бет. Темірғали Нұртазин Тоқтардың алғашқы ізденісіне мынадай резюме жазыпты: «Работа изобилует свежими, ценными данными»/1,6 б/. Мұндай баға зерттеушілік жұмысқа енді ден қойған Тоқтар Бейісқұловты одан әрі қанаттандырады.

Публицист Тоқтар Бейісқұлов сол бір Бейімбеттану тұңғығына сүңгіп, тапқан інжу-маржандарын оқырманына сыйға тартумен қырық жылдай айналасып келеді. Қазақ кеңес әдебиетінің ірге тасын қалаған ірі ақын, іргелі прозаик және драматург Бейімбет Майлиннің өмір жолы, шығармашылығын үзбей зерттеп жүрген ғалымдардың қатары сирек. Ал, Бейімбет әлемі дегеніңіз – қатпары қалың, тынысы берік тылсым дүние. Бұл саладағы ең ірі тұлға,

Бейімбеттанудың қолбасшысы Тоқтар Бейісқұловтың шығармашылық ортада сөзі өтімді болуының осындай заңдылығы бар.

Тоқтар Бейісқұлов еңбектеріне үңілгенде біз Бейімбет Майлиннің журналистік қызметінің бастамасы әлі де даулы мәселе екенін байыптаймыз. Тоқтар Бейісқұловтың пікірінше, Б.Майлиннің журналистік жолы 1913 жылдан басталады. Б.Майлин сол уақыттағы беделді «Айқап» журналымен «Қазақ» гезетін үзбей оқыған. Газет, журнал мақалаларынан ол қазақ елінің хал-ахуалын, тіршілігін, шаруашылығын қалың қазақты өнер-білімге, мәдениетке, басқа елдің әдебитетінен үлгі алуға шақырған прогресшіл-демократиялық ізгі ниетті ойларын оқып, жаны жадыраған. Сауатты мақалалар оны үлкен ойларға жетелеп, енді мұндай публицистикалық басылымдардың оқырманы ғана емес, оның авторы болуды армандаған Б.Майлин өз дегеніне жетеді. Сөйтіп, 1913 жылы «Айқап» журналының 15 санында ең бірінші мақаласы жарық көреді. Тоқтар Бейісқұлов «Қазақ» газетінде Б.Майлиннің өлеңдері, мақалалары жарық көріп тұратындығын бізге анықтап берді /1,12/.

1914-1916 жылдары Бейімбет Уфадағы жоғары білім беретін «Ғалия» медресесі қабырғасында оқып жүріп «Садақ» атты қолжазба әдеби журналын шығаруға ат салысып, оның редакторы болады. Бұл журнал бетінде Б.Майлиннің білгілі «Шұға» повесі жарық көреді /1,12/. Міне, осылайша бабымен баспасөз беттерінде жарық көре бастаған туындыларының арқасында Б.Майлиннің жазушылық қабілеті шындала береді. Ауыл жағдайы, ауылдағы кедей тұрмысы Б.Майлиннің басты тақырыбы боп қалады. Оның 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 12 санында «Кедейге», ал 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Ұлы күні, ұлы тілек» атты жұртты еңбекке үндеген топтама өлеңдері жарық көреді. Бұлар өз кезегінде Б.Майлиннің есімі күллі елге танымал болуына жол ашады.

Тоқтар Бейісқұлов Бейімбет Майлиннің журналистік еңбек жолы 1922-1923 жылдары «Еңбекші қазақ» газетінен басталады деген шешім жасайды. Бірақ бұл дерекке байланысты көптеген даулы мәселелер бар. Б.Майлин шығармашылығы жайлы үлкен ізденіске барған профессор Темірғали Нұртазин «Бейімбет Майлин творчествосы» атты монографиясында: «Өлке-нің орталығы болған Орынбор қаласында «Еңбекші қазақ» газеті шығып жататын. Газет редакторы Сәкен Сейфуллин арнайы шақыр-

тыпты. Орынборға аттанған Бейімбет «Еңбекші қазақ» газетінде 1922 жылдың тамыз айынан 1923 жылдың июль айына дейін жұмыс істейді». /4, 20 б/-деп жазады. Ғалымның пікірінше, 1923-1925 жылдар аралығында «Ауыл» газетінде еңбек еткен Бейімбет Майлин 1925-1927 жылдары «Еңбекші қазақ» істейді де, кейін «Ауыл тілі» газетіне редактордың орынбасары болып ауысады. Осы екі газетте қызмет атқарған жылдары төңірегінде Т.Нұртазин: «Редакторлар жоқ уақытта өзі редактор болып отырды» /4,21 б/ деп көрсетеді.

Ал Б.Майлин шығармашылығын жан-жақты қарастырған Бейсенғали Наурызбаев: «Б.Майлиннің «Ауыл», «Ауыл тілі», «Еңбекші қазақ» газеттерінде бірсыпыра уақыт әдеби қызметкер міндетін атқарғаны мәлім», - деп айтады /5, 178 б/.

Профессор Сейділда Ордалиев: «Б.Майлин 1925-1927 жылдары «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты секретары болып істейді» /6,116/-деп тағы да бір тың деректерін береді.

«Егемен Қазақстан» газетінің тарихына арналып 1990 жылы жарық көрген С.Қ.Қозыбаев пен Ж.Бекболатовтың «Өмір айнасы» атты кітапшасында Б.Майлин редакторлар қатарында көрсетілмейді. Сондай-ақ жазушы жайындағы сан алуан естеліктерді жинақтаған «Би аға» кітабында да Бейімбет Майлиннің «Еңбекші қазақ» газетінде редактор болып істегендігі туралы ешқандай мәлімет жоқ.

Бейімбеттануға еңбегі сіңген тағы бір ғалым С.Байменшин Бейімбеттің 1925 жылы Қостанайдан Орынборға қандай қызметке келгендігі жөнінде мына екі пікірге жүгіну қажеттігіне ден қойдырады:

- «Еңбекші Қазақтың» жаңа редакторы Смағұл Сәдуақасов, - деп жазады Сәбит Мұқанов, - Қостанайдан шақырып, Бейімбетті өзіне әдебиеттік орынбасар ғып алды...» /13,106 б/.

- «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты хатшылығынан Сәбит Мұқанов босады да, оның орнына Бейімбет Майлин келді,- деп жазады Ғабит Мүсірепов,- Мен, әдеби қызметкер деген лауазымым бар, корректор едім, Орынбор рабфакының студентімін. Сабақтан кейін редакцияға келсем, Бейімбет барлық бөлім бастықтары мен әдеби қызметкерлерді жинап алып, кеңесіп отыр екен... Мәселе газеттің тіл жағын жақсарту жайында сияқты. Жаңа келген жауапты хатшы газеттің жыл басынан бергі нөмірлерін алдына алып, әртүрлі мақалалардан үзінді оқып отыр. Ойы буалдыр-буалдыр, тілі тіпті орашалақ мақалалар көптеу екен. Бұқараға

түсінікті тіл Бейімбеттің бас сырқаты екенін білетінбіз» / 8, 271-272 б.б/. Жоғарыда аталған ғалым, жазушылар пікірлерін салыстыра келгенде, Тоқтар Бейісқұловтың пікірі салмақтылау екеніне көзің жетеді. «Еңбекші Қазақта» қызмет істеп жүрген Б.Майлинді Қостанай губерниялық партия комитеті мен атқару комитетінің органы «Ауыл» газетіне қызмет істеуге жібереді. Бұл газеттің атын қойған да осы Б.Майлин болып табылады. Т.Бейісқұловтың пікіріне сүйенсек, ол газетте тек мақалаларын бастырып қана қоймай, редакция жұмысын ұйымдастыруға, тілшілермен байланысты күшейтуге көп күш жұмсап, барлық жұмысты атқарып отырған. «Ауыл» газетінде қызмет ету барысында, ол көбіне тілшілерді тәрбиелеуге, оларды редакция жұмысына тартуда айтарлықтай еңбек сіңірді. Қажырлы еңбегінің арқасында газеттің беделі артып, оқырмандары көбейе түсті. 1925 жылы Б.Майлинді қайтадан «Еңбекші қазақ» газетіне шақырып алады. Сол жылдан бастап Б.Майлин республикалық газет-журналдар мен «Қазақ әдебиеті» газетін шығарысуға белсене кіріседі. Қазақ баспасөзіндегі алғашқы көркем әдебиет журналы болып табылатын «Жаңа әдебиеттің» аяғынан қаз тұруына да Б.Майлиннің сіңірген еңбегі қоммақты. Бастапқыда Байдильдин Абдрахман, Жолдыбаев Молдағали, Тоқжігітов Шаймерден, Мүсірепов Ғабиттермен бірге Б.Майлин алқа мүшесіне енді. Журналдың алғашқы нөмірлерінде «Қара бала», «Мырзалар» атты әңгімелері жарық көреді. Журналдың 1931 жылғы 12 санында «жауапты редактор Майлыұлы Б.»

деп қол қойылған. Бұнымен Б.Майлиннің журналистік қызметі тоқтамайды. Журналда редактор болып жүрген Б.Майлинге 1928 жылы Қазақстан мемлекеттік баспасында Бас редактордың орны ұсынылады, бірақ бұл орыннан ол бас тартады. Осыларға қосымша Бейімбет 1929 жылы «Әйел теңдігі» журналының алқа мүшелігіне бекітіліпті. Тәжірибелі баспагер аздығына байланысты ол әлгі міндеттеріне қосымша Қазақстан орталық жаңа Әліп комитетінің айына бір рет шығатын саяси, көркем-әдеби, күлкі-сықақ, суретті журналы «Жаршыны» шығарысуға белсене араласады. Оның бірінші саны 1929 жылдың қаңтарында шығады. 1932-1934 жылдары Б.Майлин «Социалды Қазақстан» газетінде тұрақты қызметкер, әрі 1932 жылдан бастап Б.Майлин «Әдебиет майданы» журналының редколлегия мүшесі болып қызмет атқарады. 1933-1934 жылдар аралығында өмір, өндіріспен жете танысу мақсатымен ұзақ іссапарға аттанып, Қазақстанның алып өндірістерін, колхоздарын аралайды. 1934 жылы Республикадағы ең таңдаулы баспа қызметкері ретінде бағаланып, жоғары жақтың шешімімен қазақтың көркем әдебиет баспасының басшысы болып тағайындалған. Жоғарыда аталған, өзі қызмет еткен баспасөз беттерінде Б.Майлиннің қаламынан туған түрлі тақырыптағы мақалалары, сықақтары, көркем шығармалары үзбей жарық көріп отырған. Енді төменде Б.Майлиннің журналистика саласындағы ерен еңбегіне сай атқарған қызметтерін сараптау үшін ғалым Бейімбеттанушы Тоқтар Бейісқұловтың анықтаған сызбасын ұсынып отырмыз.

Қызмет еткен жылдары	Газет-журнал атаулары	Баспасөзде қызмет еткен лауазымдары
1	2	3
1914-1916 жылдары	«Садақ» (қолжазба журнал)	Редактор
1922-1923 жылдары	«Еңбекші қазақ» газеті	Қызметкер
1923-1925 жылдары	«Ауыл» газеті	Жауапты хатшы, редактордың орынбасары
1925 жылы	«Еңбекші қазақ» газеті	Қызметкер
1929 жылы	«Әйел теңдігі» журналы	Редколлегия мүшесі
1928-1931 жылдары	«Жаңа әдебиет»	Алқа мүшесі, содан 1931 жылдан бастап жауапты редактор
1928-1931 жылдары	Қазақстан мемлекеттік баспасы	Редактор
1932-1933 жылдары	«Әдебиет майданы» журналы	Редколлегия мүшесі, 6 санында жауапты редактор
1932-1934 жылдары	«Социалды Қазақстан»	Қызметкер
1934 жылы	Қазақтың көркем әдебиеті баспасы	Директор/басшы/

1934 жылдың II жартысынан бастап -1937 жылдың II жартысына дейін	«Қазақ әдебиет» газеті	Жауапты редактор
--	------------------------	------------------

Б.Майлиннің баспасөз бетінде істей бастауы 1922 жылдан басталғанымен, журналистік қызметі одан анағұрлым ертерек басталған. Оны Тоқтар Бейісқұлов былайша байыптаған 1932 жылы республикамызда Б.Майлин шығармашылығының 20 жылдығы тойланады, яғни, көп қырлы таланттың қаламгерлік қызметі 1912 жылдан басталады деген сөз.

Тоқтар Бейісқұловтың зерттеу еңбектеріне сүйенсек, Б.Майлиннің публицистикалық мақалалары мен хат-хабарлары «Айқап», «Жас қазақ», «Жас қайрат», «Жаңа мектеп», «Кедей айнасы», «Әйел теңдігі», «Жаршы», «Жаңа әдебиет», «Әдебиет майданы және «Пионер», «Ауыл мұғалімі» журналдарында, демек, ұзын саны 19 басылымда жарияланып отырған. Жоғарыда аты аталған газет-журналдардың көбінде редколлегия мүшесі болып басылымдардың саналы шығуына, оқырмандар үздігіп күтетіндей басылым болуына Б.Майлин бар қабілетін аямаған.

Тоқтар Бейісқұлов қазақ публицистикасына айтарлықтай әсер еткен Б.Майлин мақалаларын алты салаға бөліп қарастырады.

- Біріншіден, жазушының мақалалары тақырыптық, проблемалық, идеялық бағыт-бағдары, ауқымы өте кең, қомақты және өзек-жарды болып келген. Б.Майлиннің үн қоспаған, өзінің публицистикалық тіпті азаматтық позициясын білдірмеген оқиғалары, құбылыстары болмаған. Сонымен қатар, елді қанаған, ел арасында аяққа оралғы болған ескі әдет-ғұрыптарды, діни ұғым-нанымдарды, әділетсіздік, өрескелдік, төрешілдік сияқты залалды әдеттерді өткір сынға алып отырған. «Ағашты сақтаңдар», «Ел денсаулығын сақтау керек» сынды тағы басқа мақалалары осыған дәлел.

- Екіншіден, ауыл шаруашылығындағы, мәдениеттегі, сауатсыздықты жою жорықтарында мекеме басшысының ісіндегі кемшіліктерді айтып, оларды түзету жолдары көрсетілген. «Бітсін сауатсыздық», «Жергілікті мекемелер ескерсін», «Қаулылар орындалсын», «Мектеп керек», «Партия оқуы салақсымау керек», тағы басқа мақалаларында халықты жаппай сауатандыру мәселелерін қозғайды.

- Үшіншіден, жемқорлықты, рушылдықты, жікшілдікті ушықтырған қылмысы ауыр

мансапқорларды сынға алып, сыннан қорытынды хабарлап отырған.

- Төртіншіден, әдебиеттің жанрлық жағынан, баюына, журналистиканың салалары өркен жаюына жанашырлық көрсетіп, оларды дамытудың ғылыми негіздерін ұсынып отырған. «Жастардың серпілуі қажет», «Сот бақылау орындары серпілу керек», «Әйел теңдігі» журналын дұрыс оқып пайдалана білңдер», тағы басқа.

- Бесіншіден, әрбір өскен өркенді, өмірге ене бастаған жаңа істі, жаңалықтың нышандарын жұртқа насихаттап, сол лепті сезінуге шақырған.

- Алтыншыдан, кедей-шаруаның күй-жайына, тұрмысы түзелуіне, олардың жаңа қоғамдық құрылысқа белсене араласуына, психологиясындағы ескінің қалдықтарын шапшаңырақ жойылуын көздеген публицистикалық еңбектердің басылымдарда көп әрі ықпалды болуын көздейді. Айталық, «Ауыл тұрмысын түзету керек», «Ауылдық кенестер елге жақындау керек», «Бұзауды күтіндер», «Мал тұқымын асылдандырыңдар», «Бай балалары мектептен аласталсын», «Игілік колхозына басшылық күшейсін», тағы басқа мақалалары осы мақсаттарды арқау етті. Әрине, кей публицистикалық туындыларда идеология ыңғайына жығылып, асыра сілтеу де ұшырасады.

Мұнан шығатын қорытынды, Тоқтар Бейісқұлов Б.Майлиннің баспасөз саласында еңбек еткен жылдары, уақыт, заман талабына орай халқына сіңірген еңбегінің жемісі қандай болғандығын саралап берген. Қазақ журналистикасы қалыптаса қоймаған ауыр жылдарды басынан кеше жүріп, тақырға тау тұрғызып, жоқтан бар жасаған, барды кемеліне келтіре дамытуға аянбай тер төккен еңбектері болған. Тоқтар Бейісқұлов өз зерттеулерінде жан-жақты байыптап берген Б.Майлиннің қазақ журналистикасының бесігін тербетіп, ұлан-қайыр үлес қосып, оның ұлы жазушы болуына тигізген шарапатын да, тап басып таныта алған.

Әдебиеттер:

1. Бейісқұлов Т. Бес томдық жинағы. 3 том. – Алматы: Толғанай, 2008.-448б.

2. Қайнарбеков Ф. Азамат тарихы-алаш тарихы //Егеменді Қазақстан, 24.03.1992ж 12 б.
3. Нұсқабайұлы Ж. Қ.Аллаберген. Көне басылымдар. Құнды деректер Аяулы есімдер.- Алматы,1997.-378 б
4. Нұртазин Т. Бейімбет Майлин творчествосы. - Алматы: Ғылым, 1966.-205б
5. Наурызбаев Б. Наурызбаев Б. Дәуір суреткері.- Алматы: Ғылым, 1969. – 286б.
6. Ордалиев С. Сөз зергері. – Алматы: Жазушы, 1982.- 168 б.
7. Мұқанов С. Есею жылдары. Үшінші кітап. - Алматы: Ғылым, 1970.-216 б.
8. Бейісқұлов Т. Бес томдық жинағы. Мақалалар, публицистік сараптамалар, очерктер. –Алматы: «Толғанай Т», 2008.Т.1-512б.
9. Майлин Б. Таңдамалы. Үш томдық. 1.Т. –Алматы: Рауан, 1979.-317б.
- 10.Байменшин С. Майлының Бейімбеті. - Алматы: Білім,1994.-16б.
- 11.Бейісқұлов Т. Қайран, Биағаң //Ана тілі 19.10. 2009 ж
- 12.Бейісқұлов Т. Бес томдық жинағы. 3 том. -Алматы: Толғанай,2008.-448б.
- 13.Бейісқұлов Т. Бес томдық жинағы. 4 том. -Алматы: Толғанай, 2008.-448б.

* * *

Публицистические труды Токтара Бейскулова широко известны среди читателей и литературной среды. При-

родный талант и упорство помогли ему раскрыть немало литературных тайн и добиться своей цели.

Как публицист, в своих статьях Токтар Бейскулов посредством глубокого изучения определил, что Б. Майлин был одним из основателей журналистики, стоял у истоков первых изданий на казахском языке, а также трудился над дальнейшим его развитием, писал великолепные произведения и статьи.

Писательские труды Б. Майлина заслуживают особого внимания. Все это послужило основанием для начинания публицистических трудов Т. Бейскулова.

В ходе исследования деятельности Б. Майлина, Т.Бейскулов определил время изданий автора. Провел тематику статей с практическими примерами.

В настоящее время Т. Бейскулов продолжает научно-исследовательскую, работу трудов известного казахского писателя, поэта-публициста Б.Майлина.

* * *

The journalistic works of Toktar Beiskulov are well known among readers and literary circles. His natural skill and hardworking resulted discovering the new literary methods and achieving the main goals.

As a publicist, through elaborative investigation T.Beiskulov had defined B.Maylin was one of the founders Kazakh journalism and the first publishing with the following developing in his own scientific works.

Scholars of B.Maylin is worthy to be investigated and analyzed. All the reasons had been foundation for T.Beiskulov's printed works. During scientific investigations T.Beiskulov defined the period of author's published works, had carried thematically lists of articles within the practical provident.

At the present T.Beiskulov is going his scientific investigation on the B.Maylin's works.

Портретные зарисовки как неотъемлемая часть художественного творчества

Б. К. Базылова

к.ф.н., доцент КазГосЖенПУ, Алматы, Казахстан

Литературный портрет, представляющий собой художественное явление, синтезирует в своём содержании и структуре элементы документальных и художественных жанров и оказывается в центре внимания литературоведов. Жанр литературного портрета относится к числу таких жанров, внутренняя мера которого вырастает из многих «притяжений» и «отталкиваний» и определяется следующими параметрами: концепцией характера реальной личности; «документальностью» сюжетных ситуаций, воспроизводящих биографическую канву жизни героя литературного портрета; особым ритмом повествования, характеризующимся сменой биографического и автобиографического планов; свободой выбора жанровой

традиции, формирующей структуру литературного портрета.

В первой половине XVIII века русские средневековые традиции словесного портретирования столкнулись с мощной европейской литературной традицией, в результате чего появился сначала барочный, а затем классицистический портрет, для которых характерны парадность, аллегоричность, гражданско-патриотический пафос. Собственно личных черт в портрете героя еще мало, и если они появляются, то выступают как фон, второстепенный план картины. Русская автобиографическая проза этого периода к портретированию почти не обращалась, предпочитая требуемому новым веком «портрету внешности» «портрет-харак-